

«Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» КММ-нің 29.04.2022 жыл №5 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар - 51
Қатыспағандар – 1
Қатысуға тиіс - 52

Күн тәртібінде:

1. «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.
/ К.Е.Тлеумагамбетова/

Тыңдалды: мектеп-интернат директоры К.Е.Тлеумагамбетова

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 03 тамыз № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып мектеп-интернат қызметін өзін-өзі бағалау бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2022 жылдың 03-23.05 аралығы болып бекітілсін.
3. Мектеп-интернат қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып берілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшысы



К.Е.Тлеумагамбетова
М.К.Истигулова